

Ауыл шаруашылығы дақылдары егіс аландарының құрылымын әртараптандыру мәселесі бойынша келісімнің (меморандумның) үлгілік нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 122 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 16 сәуірде № 20416 болып тіркелді

"АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған ауыл шаруашылығы дақылдары егіс аландарының құрылымын әртараптандыру мәселесі бойынша келісімнің (меморандумның) үлгілік нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өндеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

С. Омаров

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2020 жылғы 14 сәуірдегі № 122
бұйрығымен бекітілген
Нысан

Ауыл шаруашылығы дақылдары егіс аландарының құрылымын әртараптандыру мәселесі бойынша келісімнің (меморандумның) үлгілік нысаны

(қала)

"___" ____ 20__ жыл
(жасалған күні)

Бұдан әрі "Министрлік" деп аталатын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы

министрлігі атынан _____

_____ ,
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сөуірдегі № 310 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ережесінің
негізінде әрекет

ететін _____

_____,
(үәкілдепті адамның лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)
және бұдан әрі "Әкімдік" деп аталатын _____

_____,
жергілікті атқарушы органдының атынан _____

_____,
(ереже)
негізінде әрекет ететін _____

_____,
(үәкілдепті адамның лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)
және "АгроОнеркәсіптік кешенді мамандандырылған ұйымдардың қатысуымен
қолдаудың

кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7
шілдедегі № 645

қаулысымен айқындалған, бұдан әрі "Мамандандырылған ұйым" деп аталатын
_____,
(мамандандырылған ұйымның атауы)
мамандандырылған ұйымның атынан _____

_____,
(ереже, жарғы)
негізінде әрекет ететін _____

_____,
(үәкілдепті адамның лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)
және бұдан әрі "Ғылыми ұйым" деп аталатын ауыл шаруашылығы бейініндегі
ғылыми ұйым

_____,
(ғылыми ұйымның атауы)
ғылыми ұйымның атынан _____

_____,

(ереже, жарғы)

негізінде әрекет ететін _____

_____,

(уәкілдеп тұлғаның лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатындар, төмендегілер осы ауыл шаруашылығы

дақылдары егіс алаңдарының құрылымын әртараптандыру мәселесі бойынша келісімді

(меморандумды) (бұдан әрі – Келісім) жасасты:

1. Осы Келісімнің нысанасы бидай, суды көп қажет ететін дақылдар алаңдарын оңтайландыру, сондай-ақ тыңайған жерлерді игеру, жемдік астық, жарма, майлыш, бүршақты,

техникалық және азықтық дақылдар алаңдарын кеңейту, сақтау инфрақұрылымын дамыту,

экспорт және өндіреу, сондай-ақ ішкі нарықты отандық өндірістің өсімдік шаруашылығы

өнімдерімен молықтыру, мал шаруашылығын азықпен қамтамасыз ету, өндіреу өнеркәсібі

кәсіпорындарын шикізатпен қамтамасыз ету, елдің азық-тұлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету

жолымен ауыл шаруашылығы дақылдары егіс алаңдарының құрылымын әртараптандыруды

қамтамасыз ету бойынша Тараптардың өзара іс-қимылы болып табылады.

2. Інтымақтастық аясында Министрлік мыналарды жүзеге асырады:

1) Ғылыми ұйыммен бірлесіп, өнірлердің табиғи-климаттық жағдайлары мен өндеп-өсірілетін дақылдардың биологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, ауыспалы егістердің

аймақтық ғылыми негізделген схемаларын игерумен, өндіруші қуаттылықтар жүктемесімен

және өсімдік шаруашылығы өнімдерімен ішкі нарықты молықтырумен ұштастыра отырып,

осы Келісімге қосымшаға сәйкес нысанда облыстар бөлінісінде 20__-20__ жылдарға арналған

ауыл шаруашылығы дақылдары егіс алаңдарының ұсынылатын құрылымын әзірлейді және

оны Әкімдікпен келіседі;

2) осы Келісімге қосымшаға сәйкес нысанда 20__-20__ жылдарға арналған ауыл шаруашылығы дақылдары егіс алаңдарының келісілген ұсынылатын құрылымының

жылдың 1-тоқсанында Әкімдікке жолдануын қамтамасыз етеді;

3) егіс аландарының құрылымын әртараптандыруды ескере отырып, жаңа ауыл шаруашылығы дақылдарын сақтау мен өндөу қуаттылықтарын салуға және (немесе) жұмыс

істеп түрғандарын реконструкциялауға, топырақ өндейтін, егіс және егін жинайтын машиналарды сатып алуға қажеттілікті анықтайды.

3. Інтымақтастық аясында Әкімдік мыналарды жүзеге асырады:

1) Министрлік назарына жеткізген ауыл шаруашылығы дақылдары егіс аландарының

20__ - 20__ жылдарға арналған индикативтік көрсеткіштерін жыл сайын орындау бойынша шаралар қабылдайды;

2) облыстың ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдарымен қажетті көлемде, оның ішінде ауыл шаруашылығы тауарын

өндірушілердің тұқым сатып алуына жергілікті бюджеттен қаражат бөлу жолымен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды;

3) ауыл шаруашылығы дақылдары егіс аландарының 20__-20__ жылдарға арналған индикативтік көрсеткіштері бойынша стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға өзгерістер енгізеді;

4) жаңа өндөуші қуаттылықтар, астық сақтау орындарын, жеміс-көкөніс сақтау орындарын, жабық топырақ құрылыштарын, тамшылатып суару жүйелерін салуда және

(немесе) қолда барларын реконструкциялауға, топырақ өндейтін, егіс және егін жинайтын

машиналарды сатып алуша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге өз құзыреті шегінде жәрдем көрсетеді;

5) жыл сайын, тиісті жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірмей, Министрлікке осы Келісімнің индикативтік көрсеткіштерін орындау жөнінде ақпарат ұсынады.

4. Інтымақтастық аясында Мамандандырылған ұйым мыналарды жүзеге асырады:

1) агрономикалық кешен субъектілеріне:

көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізуге;

ауыл шаруашылығы техникасын қаржы лизингіне сатып алуға;

жаңа ауыл шаруашылығы дақылдарын өндөу жөніндегі қуаттылықтарды, заманауи сақтау технологиялары бар жеміс-көкөніс сақтау орындарын, жабық топырақ құрылыштарын, су үнемдеу технологиялары жүйелерін салуға және (немесе) қолда

барларын реконструкциялауға, топырақ өндейтін, егіс және егін жинайтын машиналарды

сатып алуға қаражат беру жөніндегі процесті үйлестіреді;

2) ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерден өсірілген өнімдерді сатып алуы мәселесі процесін үйлестіреді;

3) өңір аумағында ауыл шаруашылығы егіс алаңдарының құрылымын әртараптандыру

мәселесі жөніндегі кеңестерге, дөңгелек үстелдерге өз өкілдерінің қатысуын үйимдастырады.

5. Інтымақтастық аясында Ғылыми үйым Министрлікпен бірлесіп, өңірлердің табиғи-

климаттық жағдайлары мен өндеп-өсірілетін дақылдардың биологиялық ерекшеліктерін

ескере отырып, ауыспалы егістердің аймақтық ғылыми негізделген схемаларын игерумен,

өндеуші қуаттылықтар жүктемесімен және өсімдік шаруашылығы өнімдерімен ішкі нарықты

молықтырумен ұштастыра отырып, осы Келісімге қосымшаға сәйкес нысанда облыстар

бөлінісінде 20__ - 20__ жылдарға арналған ауыл шаруашылығы дақылдары егіс алаңдарының

ұсынылатын құрылымын әзірлейді.

6. Осы Келісім Тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша өзгертіледі.

7. Келісімге кез келген өзгерістер мен толықтырулар еркін нысанда қосымша келісім

жасалып, қол қою жолымен енгізіледі.

8. Осы Келісімді іске асыру барысында даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды өзара келіссөздер мен консультациялар арқылы шешеді.

9. Осы Келісім Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан төрт данада жасалды, қол

қойылған сәттен бастап күшіне енеді және 20__ жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімге жасалады.

Ауыл шаруашылығы дақылдары
егіс алаңдарының құрылымын
әртараптандыру мәселесі
бойынша келісімге
(меморандумға)
қосымша

**20__ - 20__ жылдарға арналған ауыл шаруашылығы дақылдары егіс
алаңдарының ұсынылатын құрылымы _____ облысы бойынша**

мың гектар

				Болжам (жылдар)	
--	--	--	--	-----------------	--

Дақылдар	20__ (нақты)	20__ (нақты)	20__	20__	20__	20__	20__	20__жыл (+,-) 20__жылға
Барлық егіс алаңы								
Дәнді дақылдар								
оның ішінде: бидай								
күріш								
жүгері								
арпа								
сұлы								
күздік қара бидай								
қаракүмік								
тары								
ас бұршак								
ноқат								
жасымық								
бұршак, маш								
дәндер қоспасы								
басқа дәнді дақылдар								
Майлы дақылдар								
оның ішінде: күнбағыс								
соя								
мақсары								
рапс								
зығыр								
кыша								
басқа майлы дақылдар								
Қант қызылшасы								
Мақта								
Темекі								
Картоп								
Көкөніс және бақша дақылдары								
оның ішінде: көкөніс								
бақша дақылдары								
Азықтық дақылдар								
оның ішінде сүрлемдік								
біржылдық шөптер								
көпжылдық шөптер								
азықтық тамыр жемістілер								

Тұрғындағы дақылдар жерлерінде азықтық дақылдардың қосыншасы

Біржылдық шөптер

Көпжылдық шөптер

Азықтық дақылдардың барлығы



Ескертпе: тиісті жылы өзекті өзге де ауыл шаруашылығы дақылдарының егістері үлесінің артуын ескере отырып, жылдың қалыптасып отырған жағдайларына және нарық конъюнктурасына байланысты ауыл шаруашылығы дақылдары егіс алаңдарының индикативті көрсеткіштерінің 5 (бес) %-ға дейінгі шекте ауытқуына жол беріледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК